

Қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 21 қыркүйектегі N 321

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыру үшін Шығыс Қазақстан облысының әкіміне 1997 жылы маусым-шілде айларында облыста болған өрттерді сөндіруге байланысты шығындарды өтеуге 7,7 (жеті миллион жеті жүз мың) млн. теңге бөлінсін.

2. Шығыс Қазақстан облысының әкімі 1997 жылдың 3-тоқсанының қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне орындалған жұмыстардың көлемдері мен құны туралы баяндасын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр